

ISSN 1563-0366; eISSN 2617-8362

Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ Атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

# ХАБАРШЫ

ЗАң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# JOURNAL

of Actual Problems of Jurisprudence

№3 (87)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018



# ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ № 3 (87)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күнілік №956-Ж.

Журнал жылдана 4 рет жарыққа шыгады

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Сманова А.Б., з.ф.к., доцент (*Қазақстан*)  
Телефон: +7727-377-33-36 (ішкі н. 12-57)  
E-mail: Akmaral.Smanova@kaznu.kz

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байдельдинов Д.Л., з.ф.д., профессор  
(бас редактор) (*Қазақстан*)  
Ергали А.М., PhD докторы, доцент м.а.  
(бас редактордың орынбасары) (*Қазақстан*)  
Кенжалиев З.Ж., з.ф.д., профессор (*Қазақстан*)  
Джансараева Р.Р., з.ф.д., профессор (*Қазақстан*)  
Тыныбеков С.Т., з.ф.д., профессор (*Қазақстан*)  
Усеинова Г.Р., з.ф.д., профессор (*Қазақстан*)  
Жаткапбаева А.Е., з.ф.д., профессор (*Қазақстан*)  
Маликова Ш.Б., з.ф.к., доцент м.а. (*Қазақстан*)  
Қабанбаева Г.Б., PhD докторы, доцент (*Қазақстан*)


Муксинова А.Т., (*Қазақстан*)

Алексеева С.В., аға оқытушы (*Қазақстан*)  
Томас Хоффман, PhD докторы, профессор (*Эстония*)  
Шелухин С.И., PhD, профессор (*АҚШ*)  
Ганс Йохим Шрамм, құқық докторы, профессор  
(*Германия*)  
Рейкинин Мария, PhD, профессор (*Финляндия*)  
Алиев А.И., з.ф.д., профессор (*Әзірбайжан*)  
Репецкая А.Л., з.ф.д., профессор (*Хакасия*)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Арын А.А., з.ф. магистрі (*Қазақстан*)

Зәң сериясы Мемлекет пен құқық теориясы және тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы, азаматтық құқық  
және енбек құқығы, табиги ресурстар және экологиялық құқық, қылмыстық құқық және криминалистика, халықаралық  
катаинастар бағыттарын қамтиды.



## Ғылыми басылымдар болімінің басшысы

Гульмира Шаккозова  
Телефон: +77017242911  
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агата Хасанқызы

## Компьютерде беттеген

Айгул Алдашева

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Керімқұл Айдана  
Телефон: +7(727)377-34-11  
E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

## ИБ № 12464

Пішімі 60x84 1/8, Қөлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш.  
Тапсыры № 8376. Таралымы 500 дана. Багасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

FTAMP 10.27.41

**Мұқалдиева Г.Б.<sup>1</sup>, Аданбекова З.Н.<sup>2</sup>**

3.Ф.к., доцент, e-mail: gulyiya@mail.ru

<sup>2</sup>з.ғ. магистрі, оқытушысы, e-mail: adanbekova.z@gmail.com  
әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**КОМИССИЯ ШАРТЫНЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМАСЫМЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Мақала комиссия шартын жарамсыз деп тану мәселелерін зерттеуге арналған, дәлірек айтқанда осы шартты жарамсыз деп танудың нақты шарттарын анықтау басшылыққа алынады. Сонымен бірге, мақала атальмыш мәмілені жарамсыз деп тапқан соң тараптар арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу мәселесін де қозғайды. Жұмыстың маңыздылығы ғылыми-теориялық, зәң сипаттағы сұрақтарды зерттеу қажеттілігіне негізделген бірқатар факторлармен анықталады. Шарттың жеке әрі дербес түрі ретінде комиссия шарты отандық, заңнамамен катар Германия, Франция және Швейцария сынды мемлекеттердің заңнамаларында да қарастырылып, реттелген. Жеке құқықтың дуалистік жүйесіндегі мемлекеттерде комиссия шарты сауда шарты ретінде қарастырылады және сауда кодекстерімен реттеледі. Шарт және онымен байланысты қатынастар барынша терең әрі кең түрғыда ГГҮ және ШОЗ бойынша реттелген. Заманауи капиталистік мемлекеттерде комиссия шарты, негізгі пәні бағалы қағаздар болып табылатын, түрлі банктік операциялар арқылы көрініс табады. Мұндай қатынастарды реттеу кезінде банктермен жасалынатын типтік шарттар негізгі орынды алады. Шарттың осы нысаны тауарларды сатып алу сату шартына және өзге дә мәмілелерге де қолданылады, тек ішкі нарықта ғана емес, сонымен бірге сыртқы саудада нарықтарға кіру құралы ретінде де пайдаланылады. Зерттеудің маңыздылығы бұл шарттың тек отандық нарықта ғана емес, шетелде де тарағанымен, және оның типтік нысаны тәжірибеде шартты тоқтату мен жарамсыз деп тану бойынша мәселелерге әкеп соғатынмен есейе түседі. Одан білек, зан түрғысынан осы тақырыпты толық кешенді теориялық зерттейтін жұмыс отандық ғылымда жоқ. Атальмыш мақала комиссия шартын жарамсыз деп танудың шарттары мен салдарларын анықтауды мақсат етіп кояды. Зерттеу жүргізу барысында жалпы ғылыми, тарихи және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Авторлармен жүргізілген құқықтық талдау осы мәселе бойынша ұлттық құқықтық реттеу жүйесін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** комитеттік, комиссия шарты, реституция, мәмілені жарамсыз деп тану салдарлары.

Mukaldiyeva G.<sup>1</sup>, Adanbekova Z.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Juridical Sciences, docent, e-mail: gulyiya@mail.ru

<sup>2</sup>Master of Juridical sciences, teacher, e-mail: adanbekova.z@gmail.com  
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Peculiarities of legal regulation of commission contract  
by the legislation of the Republic of Kazakhstan**

The article is devoted to the study of the problems of recognizing a commission's contract as invalid, namely from the point of view of establishing specific conditions for declaring it invalid and also, the legal regulation of the relations of the parties after the recognition of mentioned contract as invalid. The relevance of the research topic is determined by several factors based on the need to study issues of scientific-theoretical, legislative nature. As a special type of contract, the contract of commission, along with domestic legislation, is governed by the laws of Germany, France, and Switzerland. In countries

with a dualistic private law system, a commission agreement is treated as a trade transaction and is governed by trade codes. The most complete contract and related relations are settled in GSU and SHOZ. In the modern capitalist turnover, a commission agreement is mediated by various kinds of banking operations, the subject of which is primarily securities. In the regulation of such operations a special place is occupied by standard contracts developed by banks. This contractual form is also used for the purchase and sale of goods, chartering and other transactions, not only in domestic but also in foreign trade as a means of penetrating markets. The importance of this study is growing due to the fact that this type of contract is common not only in the Kazakhstan market, but also around the world, and because of the standard form of a contract, in practice, problems often arise with the termination and invalidation. In addition, in domestic science there is no comprehensive theoretical study of this topic from a legal point of view. This work aims to determine the conditions, the consequences of the recognition of the contract commission void. In the course of the study, general scientific, historical and comparative analysis methods were used. The legal analysis carried out by the authors makes it possible to provide recommendations on how to improve the national legal regulation of these problems.

**Key words:** committent, contract of commission, restitution, consequences of a transaction being declared invalid.

Мұқалдиева Г.Б., Аданбекова З.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.ю.н., доцент, e-mail: gulyiya@mail.ru

<sup>2</sup>магистр ю.н., преподаватель, e-mail: adanbekova.z@gmail.com

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### Особенности правового регулирования договора комиссии по законодательству Республики Казахстан

Статья посвящена исследованию проблем признания договора комиссии недействительной, а именно с точки зрения установления конкретных условий для признания его недействительным. Авторами рассмотрено правовое регулирование отношений сторон после признания данной сделки недействительной. Актуальность темы исследования определяется несколькими факторами, основанными на необходимости исследования вопросов научно-теоретического, законодательного характеров. Как особый вид договора, договор комиссии, наряду с отечественным законодательством, регулируется законодательством ФРГ, Франции, Швейцарии. В странах с дуалистической системой частного права договор комиссии рассматривается как торговая сделка и регулируется торговыми кодексами. Наиболее полно договор и связанные с ним отношения урегулированы в ГГУ и ШОЗ. В современном капиталистическом обороте договор комиссии опосредствует различного рода банковские операции, предметом которых являются прежде всего ценные бумаги. В регулировании таких операций особое место занимают типовые договоры, разрабатываемые банками. Используется данная договорная форма и для купли-продажи товаров, фрахтования и других сделок, причем не только во внутренней, но и во внешней торговле в качестве средства проникновения на рынки. Важность данного исследования в том, что данный вид договора распространен не только на рынке Казахстана, а также по всему миру, и из-за типовой формы договора на практике часто возникают проблемы, связанные с прекращением и признанием его недействительным. Помимо этого, в отечественной науке не существует комплексного теоретического исследования данной темы с юридической точки зрения. Данная работа ставит целью определения условий, последствий признания договора комиссии недействительной. В ходе проведения исследования были использованы общенаучные, исторические и методы сравнительного анализа. Проведенный авторами правовой анализ позволяет представить рекомендации по совершенствованию национального правового регулирования данных проблем.

**Ключевые слова:** комитент, договор комиссии, реституция, последствия признания сделки недействительной.

### Кіріспе

Азаматтық құқықтағы мәмілені жарамсыз деп тану мәселелерінде кейбір азаматтық шарт түрлерінің өзгешеліктеріне сәйкес, осы шарттарға қатысты мәмілені жарамсыз деп танудың ерекшеліктері көрінеді. Осындай құқықтық мәселелердің бірі комиссия шартына да қатысты

туындаиды. Комиссиондық міндеттемені бұзғаны үшін тараптәрдың жауапкершілігін қараған кезде, біз негізінен міндеттеменің бұзылуына байланысты тараптардың шығындарды өтегуін, жауапкершілік шарасы ретінде тұраксыздық айыптарын белгілеу, комиссionердің жасаган мәмілесінің жарамсыздығының комиссиялық міндеттемеге тигизетін салдарын, міндеттемені

тиісінше орындауынан туындастын жауапкершілікке қатысты мәселелерді қарастырамыз.

Жалпы, азаматтық айналымда кеңінен таралған, сот тәжірибесінде аса үлкен киындықтарды туғызытын мәселелердің бірі азаматтық шарттарды жарамсыз деп тану. Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасында жарамсыздық деп тану негіздері аталып көрсетілгенімен, іс жүзінде аталған мән жайларды тану, бірінен бірін ажыратып білу, сонымен бірге азаматтық шартты жарамсыз деп таныған соң туындаған салдарларын құқыққа сай шешу үлкен мәселені тудыратыны сөзсіз. Оған қоса, азаматтық шарттың әрбір жеке түрлері үшін ерекше, өзіне ғана тән құқықтық белгілер мен заңнамалық талаптар бар екендігін ескерсек, аталмыш мәселе ушыға түсетіні анық.

Сонымен, ағылшын құқығында «void», «voidable», «unenforceable» сынды терминдермен анықталатын «жарамсыздық» ұғымын отандық заңгерлерден өзге шетелдік құқық саласындағы ғалымдар да зерттеген. «Бір шарттан екінші шартқа көшкенде мағынасы жылжып, сырғанап, өзгеріп отыратын феномен» – деп өзінің жеке көзқарасын білдірген ғалым Jesse A. Schaefer мысал бола алады (Jesse A. Schaefer, 2010: 193-194).

Қызықтысы, талқыланып отырган жарамсыздық ұғымы ағылшын құқығында накты сипатқа ие емес, тіпті қолданыста бескे жуық терминологиялар қолданылады. Мәселен, Америка Құрама Штатындағы сот жүйесі кеңінен қолданатын «void» ұғымы «жок болу, жарамсыздық» сынды мағынаға ие (Anne H. Soukhanov ed., 1984:1293). Ал, ағылшын соттары жарамсыздық терминіне анықтама бермесе де, «жарамсыздық – invalidity» ұғымының түрлі өзгермелі деңгейлерін он жетінше ғасырдан бастап қолданып келе жатыр (Keite v. Clopton, 1657:799). Десекте, сонау төрт ғасыр бүрынғы «жарамсыздық» пен «заманауи жарамсыздық» түсінігі бір бірімен толық ұштаспайды, оны тарихқа белгілі құқық комментаторы Мэтью Бэкон былайша түсіндіреді: «A Thing is void which was done against Law at the very Time of the doing it, and no Person is bound by such an Act; but a Thing is only voidable which is done by a person who ought not to have done it, but who nevertheless cannot avoid it himself after it is done; though it may by some Act in Law be made void by his Heir, etc.» (Bacon M., 1766: 378). Сонымен, құқықтық табиғаты күрделі ұғым жарамсыздық ұғымын азаматтық айналымда кеңінен тараған комиссия шартына қолданылуын қарастырсак.

## Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне орай, комиссия шарты бойынша бір тарап – комиссioner екінші тараптың – комитеттің тапсыруы бойынша сыйақы үшін комитет есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндеттенеді (ҚР АК 865 б., 1 т.). Комиссия шарты материалдық қызмет көрсетулерді туындаатын шарттарға жатады, сонымен бірге қызмет көрсету шарттарының негізгі бөлігін құрайды. Азаматтық айналымдағы агент шартынан өзгешелігі қарастырылып отырган шарттың тар мағыналылығында, яғни мұнда комиссioner комитеттің тапсыруы бойынша барлық заци маңызы бар іс әрекеттерді емес, тек қана заци мәмілелерді жасауы болып табылады.

Комиссия шарты комиссionet шартты орындауға байланысты комитетке затты сактау бойынша қызмет көрсетуге тиіс болатын қатынастарды бекітуге мүмкіндік береді. Кәсіпкер комиссioner комиссияға тапсырылған мүлікті сақтандыруға міндеттенуі мүмкін. Осы шарт бағалы қағаздардың, табиғи ресурстардың, яғни мұнай, газ, көмір және т.б. айналымы кезінде де қолданылады. Олар біздің кәсіпкер азаматтар сатып алушылардың тапсырыс бойынша автокөлік сатып алу үшін шетелге жүретін кезінде де жасалынады. Аталмыш жайттарда азаматтардың, кәсіпкерлердің қызмет көрсетуіне жүгінуін себебі болып шетелдік мемлекеттердің нарықтық коньюктурасын білмеу, автокөлікті таңдал алу үшін қажетті арнайы білімдерді білмеу, уақыт тапшылығы және өзге де факторлар болуы мүмкін.

Қарастырылып отырган шарттың занды құрылымы тапсырма мен өтелмелі қызмет көрсету сияқты аралас азаматтық құқықтық институттармен ортақ белгілерге ие. Оның өтелмелі қызмет көрсетуді туындаатындығынан баска, оны тапсырмамен жақындастыратындығы комиссия кезінде комиссioner де комитет мүддесі үшін әрекет ететіндігінде. Бұл өз кезеңінде оны өтелмелі қызмет көрсету шартынан ерекшелендіреді. Өтелмелі қызмет көрсету кезінде атқарушы өз бетінше әрекет етеді, оның көрсететін қызметі сырттай орын алады, ал комиссия қызметі комитет еркінің жалғасы сияқты болып табылады. Комиссияның өтелмелі қызмет көрсетуге ұқсастығы мынада: екі жағдайда датиісті субъектілердің, яғни комиссioner мен атқарушы субъектілердің қызмет көрсетулері мүліктік құндылықпен жузеге асырылатын

былып табылады. Комитеттің мүддесі үшін әрекет ету екі жағдайда да тапсырма мен комиссия шартының мазмұнына әсер етеді, оларда бір-біріне сәйкес келетін тараптардың құқықтары мен міндеттері бар. Комиссия шартын тапсырма шартынан ерекшелендіретіні – комиссиянердің заңдық аспектіде комитеттің өкілі болып табылмайтындығында.

Комиссия шартының жарамсыздық негіздерінің ерекшеліктерін қарастырmas бүрын, азаматтық заңнамада қарастырылған мәміленің (цивилистика ғылымында орнықкан формулаға орай, кез келген мәміле ол шарт, ал кез келген шарт мәміле болып табылмайды, яғни, комиссия шарты үшін мәміленің жарамсыздық негіздері қолданылады) жарамсыздық негіздерін қарастырасқ. Қызықтысы, азаматтық заңнама «жарамсыздық» ұғымына Азаматтық кодексте, өзге де құқықтық актілер мен нормативтік қаулыларда анықтама бермейді, тек азаматтық заңнаманың 157-бабында «мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларының, сондай-ак олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда мүдделі адамдардың, тиісті мемлекеттік органдың не прокурордың талабы бойынша мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін» – деп атап өтіледі. Осыған орай, азаматтық құқық ғылыми мәмілелердің жарамсыздық негізін мынадай түрлерге топтастырады:

- 1) Субъект құрамының ақауы болатын мәміле;
- 2) Ерікке қатысты ақауы бар мәміле;
- 3) Нысанының ақауы бар мәміле;
- 4) Мазмұнының ақауы бар мәміле.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде мазмұны заң талаптарына сәйкес келмейтін кез келген мәміле жарамсыз болатындығы жөнінде жалпы норма бар (КР АК 158-б.).

Енді жоғарыда аталған төрт түрлі мән жай бойынша комиссия шартының жарамсыздық мәселелеріне тоқталсақ.

Комиссия шартының тараптары, яғни комитет пен комиссиянер субъектілік ақау белгілерінен бос болуы тиіс. Нактырақ айтсак, олардың әрекет қабілеттілігі мен заңды тұлғалардың арнағы құқық қабілеттілігінің немесе олардың органдарының мәртебесі комиссия шартын жасауға заңи мүмкіндік беруі қажет. Бұл ереже негізгі және қосалқы комиссия шартында да байланысты болып келеді. Сонымен бірге, тараптардың жасы мен психикалық жағдайынан туындаған әрекеттерде комиссия шартының

жарамдылығына әсер етеді. Айналымда кең тараған және заң шығарушымен мәміленің жарамсыздық негізі ретінде көрсетілген мән жайлар ретінде әрекет қабілеттілігі жоқ адамның, әрекет қабілеттілігі болғанымен, мәміле жасаған кезде өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің нे істегенін білмейтін жағдайды болған азамат жасасқан комиссия шарттарын атап өтүге болады.

Комиссия шартын жарамсыз деп танудың келесі бір негізі 1) мәміле жасауға іштей келіспей жасалған комиссия шарты және 2) ішкі еріктің дұрыс қалыптаспауы салдарынан жасалған комиссия шарттарын құрайтын еріктік ақауды жатқызуға болады. Бірінші топқа бір тараптың екіншісін алдау, зорлық, корқыту ықпалымен, бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісіуі нәтижесінде жасалған мәмілелер жатқызылуы мүмкін.

Азаматтық айналымда барынша кең таралған, алайда қарастырып отырған комиссия шарты үшін императивті сипаттағы шарттың нысаны деп шарттың жасалыну түрі. Азаматтық заңнама комиссия шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс деп біржакты өктем түрде шарттың нысанын анықтайды. Дегенмен, жалпы ережеге орай, комиссия шартының жазбаша нысанын сақтамау осы шартты жарамсыз деп тануға әкеп соқпайды, тек шарт тараптарының арасында дау туған кезде тараптар сотта куәгерлерге жүгіну құқығынан айырады. Соңғысы, әрине, тараптарға қойылған қатаң талапты сақтамағаны үшін заң қолданатын жазалау шарасы болып табылады.

Комиссия шартының мазмұнына байланысты жарамсыз деп тану. Басқа шарттардан өзгеше комиссия шартына тән қызықты ережелердің бірі – бұл мәміле шарт болашакта мәміле жасау туралы мәселені камтиды. Ендеше комиссия шартының мазмұнының заңдылығы тараптардың келісілген комиссиянердің тапсырма жағдайлары арқылы анықталады. Соңдықтан, комиссиянерге жасауға тапсырылған әрбір мәміле құқыққа сый болуы тиіс. Оған қоса, тіпті комиссия шартының жарамдылығы да оның пәніне кіретін мәмілелердің заңдылығымен байланысты. Кейде комиссия шартында тапсырмамен берілген мәміле сырт көзге заңды мәміле ретінде көріну мүмкін, алайда мәміленің қорытындысында құқыққа қайшы салдарға алып келуі мүмкін. Мазмұны заңға сәйкес келмейтін комиссиянер жасайтын мәміле комиссия шартының өзін де жарамсыз деп табуға әкеп соктырады.

Кейде комиссияндық тапсырманың орындалу нәтижесінде құқыққа қайшы әрекеттер туындауы мүмкін. Бұл туралы тараптар комиссияндық тапсырмада алдын ала келіспегенімен комиссиянор мәміле жасағаны үшінші тұлғаның тараптарға байланыссыз жағдайларда елеулі түрде жаңылысу салдарынан мәміле ішінәра жарамсыз деп танылуы мүмкін, бұған комиссиянордің кінәсі болмауы мүмкін, әрине бұл жағдайда тікелей комиссия шартының өзі жарамсыз деп танылмауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 875-бабына сәйкес, комитеттік комиссиянор орындалған тапсырма нәтижесін қабылдап алуға міндетті ([adilet.kz](http://adilet.kz)). Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 157, 159-баптарына сәйкес, мәмілені жарамсыз деп тану негіздеріне сәйкес, комиссиянор жасаған мәмілелер жасалған сәттен бастап жарамсыз деп танылады және ешбір құқықтық салдар түгізбайды ([adilet.kz](http://adilet.kz)). Ал, ондай жағдайда комитеттік шартқа сәйкес өзіне тиімді ешбір экономикалық жағдайға қол жеткізе алмайды және де комиссия шарты көзделген мақсатына жетпейді.

Комиссиянор комитеттік тапсырмасын сапалы орындау үшін, мәмілелер жасап ғана қоймай, комитеттік тапсырмасындағы мәмілелердің жарамдылығын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін, ен алдымен, комиссиянор мәмілені жасау кезінде заң бұзушылықка жол бермеуі тиіс, екіншіден, мәміле бойынша контрагентке (егер шартта көрсетілсе) қатысты ұқыптылық пен сақтақ танытуы керек, яғни оның әрекет және құқық қабілеттілігін, лицензиясын, сенімхатын тексеруі керек.

Комиссиянор тапсырманы тиісті дәрежеде орындауга тырысқанымен, комитеттік байланысты себептермен шарт орындалмаса, бұндай жағдайда комиссиянор комитеттік алдында жауап беруден бас тартып қана қоймай, сыйақы алу, келтірілген шығындардың орнын толтырыза алады (ҚР АК-ның 866-бабы), яғни бұл түрғыдан алыпқарағанда, комитеттік қандай дабіркелтірілген зияндарды өттептірмек түгілі, шарт бойынша санкция да қолдана алмайды. Комиссиянор жасаған мәмілелердің жарамсыздығы, бірден комиссия шартының жарамсыздығына әкеп соқтырмайды, себебі мұндай арнайы негіз азаматтық заңдарда да, мәмілені жарамсыз деп танудың жалпы негіздерінде де көрсетілмеген. Дегенмен, комиссиянордің қандай да бір заң бұзушылықтар әрекеттерінің салдарынан ол

жасаған мәмілелердің жарамсыздығы комиссиянордың міндеттемеге бірқатар әсер ететін салдарлар туғызады. Бір жағынан алғанда бұл жағдайда комиссиянор комитеттік қажетті мәмілені жасау арқылы комитеттік тапсырмасын формальді (жалғаш) түрде орындауды. Ал екінші жағынан алғанда, комиссиянор жасаған мәміленің жарамсыздығы ешбір құқықтық салдар түгізбайды. Бұдан комитеттік тапсырмасын орындалмағанын, міндеттеменің тиісінше орындалмағанын анғару киын емес. Мұндай жағдайда комиссиянор міндеттеменің орындалмағаны үшін комитеттік алдында жауап беріп қана қоймай, оған келтірілген шығындарды өтеуі тиіс.

Комиссиянор жасаған мәмілелердің жарамсыз деп тануға қатысты туындастын даулы мәселелердің бірі – комиссиянор комитеттік көрсетуімен жалған немесе даулы мәміле жасаған кезде туындастын мәселе. Оған мысалы комитеттік накты әрекет қабілетсіз тұлғамен, тиісті лицензиясы жоқ тұлғамен немесе құқық және әрекет шектелген тұлғамен, не айналымнан алынған заттарға қатысты мәміле жасауға тапсырма беруі. Бұл кезде әрине орынды екі сұрақ туындауды. Бірі комиссия шартының қаншалықты дәрежеде жарамды болатындығы? Екіншіден, комиссиянор міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін комитеттік алдында қандай дәрежеде жауап беретіндігі. Кейбір заң әдебиеттерінде көрсетілгендей, заңда нормативтік құқықтық актілерге қайшы келеттін комиссия шарты жарамсыз деп танылады (Егоров А.В., 2001: 76-81). Алайда, біздіңше, бұл анықтамамен толыктай келісуге болмайтын сияқты. Себебі, заңда айналымнан алынған заттарды алуға немесе әрекет қабілетсіз адаммен мәміле жасау үшін тапсырма беруге тиім салынбаған. Заңда тек осыларға қатысты мәміле жасауға тиім салған. Бұлай жасалынған комиссия шартының мақсаты құқыққа сай тәртіпті, адамгершілік нормаларды бұзыу мүмкін. Бұдан тек комитеттік тапсырмасымен комиссиянор жалған мәмілелердің жасау үшін әдей тапсырма берілсе, мұндай комиссия шарты жарамсыз деп танылады. Ал заңда тікелей көрсетілгендердің даулы мәмілелер жасау комиссия шартын жарамсыз деп тануға негіз бола алмауы да мүмкін. Ондай комиссия шарты жарамды болады. Алайда шарттың субъектілері комитеттік пен комиссиянор тапсырылған мәміленің

сипатына қарай, міндеттеменің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына тәуекел етеді. Осыған орай, комиссионер жасаған мәмілелердің жарамсыздығы немесе оны жасауға мүмкіндіктің болмауына байланысты жауапкершілік тек комиссионерге ғана берілмей, комиссия шарттың таралттарына өзара бөлінуі тиіс.

Комиссионер жасаған мәмілелерді жарамсыз деп тануға байланысты, мәмілелерге қатысушылар үшін мәмілені жарамсыз деп танудың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің 157-бабының 3-тармағының салдары туындаиды. Оған сәйкес, екі жақты қалыпқа келтіру, яғни мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда таралттардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда құнын ақшалай өтеп беруге міндетті (Сүлейменов М.К., 2003:736). Жасаған мәмілені жарамсыз деп танылған сәтте, комиссионер міндеттерін орында болмаған жағдайда, соның ішінде комитетке мүлік, ақша қаражатын бермессе, толықтай қалыпқа келтіру жузеге асары сөзсіз. Комиссионер өзі жасаған мәміле бойынша контрагентке барлығын қайтарады, ал контрагент алғандарын комиссионерге қайтарады.

Комиссия шарттың пәні азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға катысты қызмет көрсету болып табылатындықтан, бұл мәмілелердің жарамдылығы және комиссия шарттың жарамдылығы арасын талдау терең зерттеуді қажет етеді. Мынадай көзқарас бар «комиссия шарттың заңды мазмұны комиссия шарттың ғана емес комиссионер жасайтын комиссия шарттың пәніне кіретін мәміле мазмұны бойынша да анықталады». Бірақ, бұл тұжырым дұрыс келтірілмеген сияқты. Өйткені, әрекет етуші заңнамаға сәйкес мәміле құқыққа сай әрекетке жатады. Бұл жерде мәселе комиссионерге тапсырылатын жарамсыз мәмілелер туралы болып отыр деуімізге болады. Мұндайда екі жағдай орын алады. Бірінші жағдайда: комиссия шарттың таралттары оның пәні туралы жағдайды анықтай отырып комиссионерге заңға сай келмейтін немесе құқықтық тәртіп негіздеріне және адамгершілікке көрінеу қайшы келетін мәмілелерді, жалған немесе қулықпен жасалған мәмілелерді жасауды жүктейді. Аталған мәмілелер ҚР АК 158-160-бабына сәйкес жарамсыз болып табылады, ал бұл туралы комиссия шарты таралттары алдын ала білді деп санауда болады.

Екінші жағдайда: комиссионерге тапсырылған және шартта көрсетілген мәміле заның-

барлық талаптарына жауап беруі мүмкін. Бірақ комиссионер оны мысалы әрекет қабілеттілігі жок тұлғамен немесе өз қызметінің мақсатына қайшы немесе лицензиясыз немесе өкілеттілігін асыра немесе өз контрагентін жаңылысуға енгізеді немесе оған құш қолданады және т.б. Осының салдарынан аталған мәміле ҚР АК 159 бабына сәйкес жарамсыз деп танылады.

Мәмілені жасау кезінде комиссионер өз атынан түсетіндіктен, ол жасаған мәмілені жарамсыз деп танылуына байланысты контрагенттің мүлікті, ақшаны қайтару жөнінде гі талабы комиссионерге койылады, ал комиссионер мәміледен алғандарын комитетке өткізіп үлгергендіктен, бұл мүлікті табиғи күйінде қайтаруға мүмкіндік жок. Сондықтан комиссионер мәмілені жасаған кезде комиссионер мәміле бойынша алғандарын комитетке өткізіп үлгергендіктен реституция тәртібімен қайтару да мүмкін емес, бұл тек комиссия шарты мен комиссионер жасаған мәмілені бір мезгілде жарамсыз деп танылған жағдайда ғана мүмкін. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 157-бабының 3-тармағына сәйкес, комиссионер контрагенттің мүлкін ақшалай қайтарып беруге міндеттенеді, ал контрагент комиссионердің мүлікке төлеген ақшасын қайтару жөнінде қарсы талап қояды. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 370-бабына сәйкес, міндеттеменің тоқтатылуына байланысты қарсы талапты есепке жатқызуға болады. Сондықтан комиссионер жасаған мәмілені жарамсыз деп тану кезінде, тіпті комиссионер мен контрагент арасында мүлік немесе ақшаны алмастыру жузеге аспауды да мүмкін.

Ал керінше жағдайда, комиссионер контрагентке сатылған мүліктің ақшасын қайтаруы тиіс. Бірақ бұл кезде ол сатылған мүліктің ақшасын комитетке беріп қойғандықтан, қайтарып ала алмайды, сондықтан өз қаражаты есебінен қайтаруға тұра келеді. Себебі шарт бойынша комиссия шарты орындалған болып саналады, есесіне контрагентке сатылған мүлікті қайтарып алады. Бұл мүлікті үшінші тұлғаларға сату арқылы екі жақты реституциядан өзіне келген шығындардың орнын толтыра алады.

Жоғарыда атап өткендей, мәміленің жарамсыздық салдарынан туатын бір жақты қалыпқа келтіру тек егер мәміле қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталып, екі тарапта да жымысқы ниет болған жағдайда, қылмыстық мақсатқа жету жөнінде жымысқы ниет таралттардың бірінде ғана болған жағдайда мәміле жарамсыз деп танылады. Бұндай

жағдайда мәміленің жарамсыздығына кінәлі болған жақ жауапкершілікте болады. Егер оған комиссиянен кінәлі болса, контрагентке комитетке беріліп қойылған сатылған тауар құнының немесе сатылған тауардан түскен ақша қаржатын қайтаруы керек. Ал, контрагент сатып алған тауарды мемлекетке өткізуі мүмкін, әрине бұл жағдайда комиссиянен ақша да, мүлікті ала алмайды. Ал керісінше мәміленің жарамсыздығына контрагент кінәлі болса, комиссиянен ақшаны немесе сатылған тауарды қайтарып ала алады, бірақ мәміле бойынша контрагенттен түскен мүлікті немесе ақшаны мемлекеттік кіріске өткізуге тұра келеді.

Соған сәйкес, азаматтық айналым қатысуышыларының еркі көрінгенге дейін азаматтық құқық және міндеттерді белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған мәміле жарамсыз деп саналуы мүмкін. Сонымен, егер тараптар комиссия шартында ҚР АК 158-160 бабының белгілеріне кіретін мәмілелерді жасауды комиссиянеге міндеттесе онда комиссия шарты пәніне енген мұндай мәміле жарамсыз болып танылады. Бірақ мұндай жағдайда екі сұрап туындауды: мұндай комиссия шарты жарамды ма? Егер жарамды болса онда мұндай жағдайда комиссиялық тапсырманы орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін комитет алдында комиссиянен жауап берсе міндеттесе?

Бірінші сұрап бойынша әдебиеттерде мұндай комиссия шарты заңға немесе басқа да заң актілеріне қайши ретінде жарамсыз деп табылады (ҚР АК 158 бабы).

Ал екінші жағдайда мәміле пәніне кіретін және комиссиянен жасалған мәмілені жарамсыз деп тану шартты жарамсыз деп тануға негіз болмайды, өйткені жасалуы кезінде (оның жағдайын тараптардың келісіүі) аталған шарт заң талаптарына толық сай болған. Мұндай жағдайда тапсырылған мәміленің жарамсыз деп танылуына жауапкершілік комиссиянеге жүктеледі, өйткені ол кәсіби маман ретінде комиссиялық тапсырманы әрекет етуші заңға сәйкес орындауды тиіс еді.

Соған сәйкес, азаматтық айналым қатысуышыларының еркі көрінгенге дейін азаматтық құқық және міндеттерді белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған мәміле жарамсыз деп саналуы мүмкін. Сонымен егер тараптар комиссия шартында ҚР АК 158-160 бабының белгілеріне кіретін мәмілелерді жасауды комиссиянеге міндеттесе онда комиссия шарты пәніне енген мұндай мәміле жарамсыз болып танылады. Бірақ мұндай жағдайда екі сұрап

туындауды: мұндай комиссия шарты жарамды ма? Егер жарамды болса, онда мұндай жағдайда комиссиялық тапсырманы орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін комитет алдында комиссиянен жауап берсе міндеттесе?

Бірінші сұрап бойынша әдебиеттерде мұндай комиссия шарты заңға немесе басқа да заң актілеріне қайши ретінде жарамсыз деп табылады (ҚР АК 158 бабы).

Ал екінші жағдайда мәміле пәніне кіретін және комиссиянен жасалған мәмілені жарамсыз деп тану шартты жарамсыз деп тануға негіз болмайды, өйткені жасалуы кезінде (оның жағдайын тараптардың келісіүі) аталған шарт заң талаптарына толық сай болған. Мұндай жағдайда тапсырылған мәміленің жарамсыз деп танылуына жауапкершілік комиссиянеге жүктеледі, өйткені ол кәсіби маман ретінде комиссиялық тапсырманы әрекет етуші заңға сәйкес орындауды тиіс еді.

Комиссиянеге жасаған мәмілелерін жарамдылығын қамтамасыз етуі комиссия шартының құқықтық және экономикалық табиғатына байланысты. Себебі, комитет комиссия шартының негізінде комиссиянеге қандай да бір мәмілелер жасату үшінға емес, сол жасаған мәмілелер арқылы өзіне экономикалық жағынан тиімді жағдайларға қол жеткізуі көздейді. Оған мысалы: мүлікке меншік құқығын алу т.с.с.

Комитеттен тауарды алған комиссиянен алынған мүліктің сақталуына шара қолдануға міндетті. ҚР АК 873 бабы 1т. сәйкес ол комитет алдында мүліктің жоғалуына, кем шығуына немесе бұлінуіне жауап береді. Нәкты айтқанда комиссиянеге сақтау шартындағы сақтаушының міндеттіне ұқсас міндет жүктеледі. Міне соған сәйкес, аталған қатынастарға комиссия шартының құқықтық табиғатына қарама-қайши келмейтін бөлігінде сақтау шарты туралы ережені ішінәра қолдануға рұқсат етіледі деген пікірлер бар (Брагинский М.И., 2005: 124).

Комитет ез мүлкін сақтауды максат етпейді, аталған әрекет комиссия шартының пәніне кірмейді. Комиссиялық мүлікті сақтау міндетті комиссиянеге жасаудағы негізгі міндеттіне қатысты қосымша міндеттемесі болып табылады.

Комиссиялық тауарды сақтамағаны үшін комиссиянеге жауапкершілігінің негізі әр авторлардың пікірінше түрлі жағдай болады, өйткені көздейсөк жойылу тәуекелін меншік иесі комитет көтереді. Бұл жерде комиссиянен жасаудағы заңға жауапкершілік жағдайда жарияланған жағдайда жауап

береді (Красавчиков О., 1957: 160). Ал басқа авторлар тек өз кінәсі үшін жауап береді дейді (Васильева Е.А., 1992: 376), ал үшінші авторлар жауапкершілік жағдайын комиссиянан көсіпкер ретінде әрекет етуіне тәуелді етуді ұсынады (Безрук Н.А., 1955: 156). Сактауға алынған затты сактауға берушінің бұл затты кері алу міндегі пайда болған соң заттың жоғалуына, кем шығуына немесе бүлінуіне сактаушы өз тарапынан тек кінә немесе ерескел абайсыздық болған жағдайда жауап береді (Скороходов С.В., 2005: 2-3). Соңдықтан көсіпкер комиссиянан көсіби сактаушы болып саналады. Оның комиссиялық мүлікті сактамағаны үшін жауапкершілігі ҚР АК 359-бабы 2 тармағына сәйкес басқа көсіпкерлерге қарағанда шағын болады, онда жауапкершіліктен тек бой бермейтін күш болған кездеғана босатылады. Егерде көсіпкер комиссиянан сактауды өзінің бір көсіби қызметі ретінде жүзеге асырмаса, комиссиялық мүлікті сактамағаны үшін ҚР АК 359-бабының 2 тармағына сәйкес жалпы жағдайда жауап береді.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, комиссия шарты қызмет көрсету шарттарының тобына кіретін, ақылы, екіжақты, жазбаша нысанда жасалынатын шарт. Оның жарамсыздық негіздері мәміле үшін заң шығарушы анықтаған жарамсыздық негіздеріне бағынады және субъектіге, субъектілердің еріктеріне, шарттың нысанына, сонымен бірге оның мазмұнына қарай жарамсыздық негіздері бекітіледі.

Комиссиянан жасаған мәмілелердің жарамсыздығы немесе оны жасауға мүмкіндіктің болмауына байланысты жауапкершілік тек комиссиянанға берілмей, комиссия шартының тараптарына өзара бөлінуі тиіс.

Комиссиянан жасайтын мәміленің жарамдылығы мен комиссия шартының жарамдылығы арасындағы тікелей тәуелділік жоқ болып табылады, яғни комиссиянан жасаған мәміленің жарамсыздығы комиссия шартын жарамсыз деп тануға әкеп соктырмайды деп қорытынды жасауға болады.

## Әдебиеттер

- Jesse A. Schaefer. Beyond a definition: Understanding the nature of void and voidable contracts, 2010. – Vol. 33 – p.193-194.  
Webster's ii new riverside university dictionary (Anne H. Soukhanov ed., The Riverside Publishing Company 1984) (1293).  
Keite v. Clapton, 124 Eng. Rep. 799, 799 (1657).  
M. Bacon. A new abridgement of the law 337 (His Majesty's Law Printers) (1766) // <http://www.archive.org/stream/newabridgement05haco#page/336/mode/2up>.  
Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. (Ерекше бөлім), Қазақстан Республикасының Парламенті 1999 жылы 1 шілдеде қабылдаған № 409-1 // adilet.kz.  
Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кенесі 1994 жылы 27 желтоқсанында қабылдаған // adilet.kz.  
Егоров А.В. Сделки как предмет договора комиссии // Вестник Высшего Арбитражного суда РФ. – 2001. – № 10. – С. 76-81.  
Азаматтық құқық. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Өндөлген және толықтырылған 2 басылымы. / Жауапты ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2003. – Т. 1. – 736 б.  
Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право: Книга третья: Договоры о выполнении работ и оказании услуг. – М., 2005. – 1055 с.  
Красавчиков О., Якушев В. Договор комиссии по советскому гражданскому праву: Учебное пособие. – М., 1957. – 160 с.  
Гражданское и торговое право капиталистических государств. / Под ред. Е.А. Васильева. – М.: Международные отношения, 1992. – 376 с.  
Безрук Н.А. Договор комиссии по советскому гражданскому праву. – М., 1955. – 156 с.  
Скороходов С.В. Правовая природа посредничества // ЭЖ-Юрист. – 2005. – № 18. – С. 2-3.

## References

- Jesse A. Schaefer. Beyond a definition: Understanding the nature of void and voidable contracts, 2010. – Vol. 33 – p.193-194.  
Webster's ii new riverside university dictionary (Anne H. Soukhanov ed., The Riverside Publishing Company 1984) (1293).  
Keite v. Clapton, 124 Eng. Rep. 799, 799 (1657).

M. Bacon. A new abridgement of the law 337 (His Majesty's Law Printers) (1766) // <http://www.archive.org/streannewabridgementof05baco#page/336/mode/2up>.

Civil Code of the Republic of Kazakhstan. (Special Part), adopted by the Parliament of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 1999 No. 409-1 // [adilet.kz](#).

Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General part), adopted by the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994 // [adilet.kz](#).

Egorov A.V. Transactions as a subject of a commission agreement // Bulletin of the Supreme Arbitration Court of the Russian Federation. – 2001. – № 10. – P.76-81.

Civil law. Textbook for high schools (academic course). / Editor: M.K. Suleimenov, Y.G. Basin. – Almaty, 2003. – 1.T.-p. 736.

Braginsky M.I., Vitryansky V.V. Contract Law: Book Three: Contracts for the performance of work and the provision of services. – M., 2005. – 1055 p.

Krasavchikov O., Yakushev V. Treaty of the Commission on Soviet Civil Law: Study Guide. – M., 1957. – 160 p.

Civil and commercial law of capitalist states. / Ed. E.A. Vasilyeva.- M : International Relations, 1992. – 376 p.

Bezruk N.A. The agreement of the commission on Soviet civil law. – M., 1955. – 156 p.